

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабақшасы



Вариативтік компонент 2021-2022ж «Балбек» тобы



Тұсінік хат

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Негізгі ережелер 28.11. 2008 жылғы №628 бүйріғымен жүзеге асырылуда. «Зерек бала» бағдарламасы Қазақстан Республикасының жаңа МЖМБС –на сүйене отырып, мектепке дейінгі 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды жан-жақты, толыққанды дамуына, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауына, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты мақсаттарын шешуге бағытталған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-на сай 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің 5 саласы бойынша («Денсаулық», «Қатынас», Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта») жүзеге асып, МЖМБС талаптарына сай болуына көніл бөлініп отыр. 2012 жылдың 20-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің №557 бүйріғы бойынша вариативтік оқу бағдарламасын бекіту туралы бүйріғы негізінде ересек топта 3 сағат енгізілді. Зсағат «Таным» білім беру саласынан (Логика) 1 сағат «Қатынас» білім беру саласынан (Ертегілер елінде) 1сағат, «Шығармашылық» беру саласынан «Шебер қолдар» 0,5 сағат, «Денсаулық» білім беру саласынан (Өзінді тани біл) 0,5 сағат болып бөлінді. Жыл сайын бала дамуында, өз құралпастарының қатарынан қалып бара жатқан бала саны қебейіп келеді. Адамның қолы-ол бір құрал іспеттес, қол, баланың дамуына әсерін тигізді.

Тәжірибеге сүйенсек, бала мектеп табалдырығын аттаганда (6-7) жас 70-80 пайызы саусак маторикаларының жеткілікті дамымағанын көреміз.

Саусақтарының әлсіздігі, нашар дамығаны, жазуларының нашарлығына, ұзақ уақыт жаза алмауладына әкеліп соғады.

Саусақ маторикаларының нашар дамуы қебінесе ауырушаң, кіші кезінен балабақшаға бармаған балаларда көп кездеседі. Сондықтан да біз «Шығармашылық» білім беру саласынан «Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мүсіндеу) –ді кіргізуге үйғардық.

Мүсіндеудің мақсаты:

Мүсіндеудің бала тәрбииесінде алатын маңызы өте зор.

Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялды артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Міндеттері:

Мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру.

Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мазмұны:

Сазбалыштың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: сазбалышық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалышық, қамыр, ермексаз кесектерінен ұзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта тұзу және домалактау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мүсіндеуді сазбалышықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

Көп шығын шығармай, өзінізге керек уақытта дайындаға алуға болады.

Тез жуылады, дақ қалдырмайды.

Ауызға түскенде қауіпсіз.

Мұсіндеғенде қолға жабыспайды.

Кептіруге болады.

Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мұсінге сурет салуға қолайлы

Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықпай ойнауға болады

Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сақталады.

Тұзды қамырдан мұсіндеу жасау балабақша тәрбиеленушілеріне өте қолайлы.

Вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оку іс-әрекетінің күнтізбелік- тақырыптық жоспары.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Тарay: «Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мұсіндеу)

| P \c | Айы | Тақырыбы | Сағат саны | Апта күні |
|----------|----------------|--|---------------|--------------|
| 1 | Қыркүйек | «Күз сыйлығы» 2. «Добым, добым дөңгелек» | | |
| 2 | Қазан | «Жұзік» 2. «Алтын балық» | | |
| 3 | Қараша | «Үйрек» 2. «Торғай» | | |
| 4 | Желтоқсан | Үй жануары «Қозы» 2. «Шыршаға арналған ойыншықтар» | | |
| 5 | Қаңтар | «Мен, менің достарым жануарларым» 2. «Аққала» | | |
| 6 | Ақпан | «Ұшақ» 2. «Машина» | | |
| 7 | Наурыз | «Анама арналған гүл» 2. «Қуыршаққа арналған моншактар» | | |
| 8 | Сәуір | «Тұймедақ» 2. «Адам бейнесі» | | |
| 9 | Мамыр | «Гұлді алма ағашы» 2. «Ұлкен және кіші саңырауқұлақтар» | | |
| | Барлығы | | | |

Тұзды қамырды дайындау әдісі




Ең алдымен құрғақ заттарды араластырып аламыз.

Тұз өте ұсақ болуы керек (экстра) 2 стакан үнға 1 стакан тұз қосамыз



Араласқан тұз бен үнға жарты стакан су қосып араластырамыз, оған 1 қасық желім қосқан дұрыс.







Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Күз сыйлығы» **Мақсаты:** Білімділік: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мұсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тұзды қамырды еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мұсінін жасауды үйрету.

Көрnekілігі: Күзгі бақ көрінісі. Күз және жеміс-көкөніс суреттерімен муляждар.

Сөздік жұмыс: қамқорлық, төрт түлік мал. **Әдіс-тәсілдер:** Тұсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Костілділік компоненті: алма-яблоко, қияр-огурец.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-------------------------------|---|---|
| Мотивациялық қозғауышы | <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бізде бүгін ерекше күн. - Біз оқыту іс-әрекетімізді шаттық шенберінен бастайық. | <p>Күннің көзі ашылды, Көкке шуақ шашылды. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Ал қанекей бәріміз! Сәлем дейік үлкенге</p> |

| | | |
|--|---|---|
| <p>Іздену үйымдастырушы</p> | <p>Ия балалар, әрбір арайлап атқан таңымызға, келген жаңа күнімізге қуанайық. -деп оқу іс-әрекетімізді бастайық.</p> <p>Бұғін аптаның нешінші күні? Жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар? Айларын атаңдар. Күз мезгілі екенін қалай білеміз? -Дұрыс айттыңдар.</p> <p>-Балалар, біз күз мезгілі туралы тақпақ білеміз бе? Қанекей кім айтады?</p> <p>-Ғажайып сәт: Көңілді әуенмен, күз кіреді.</p> <p>Сары жібек көйлегімді желбіретіп, Жапырағын ағаштың селбіретіп. Тойға бөлеп елімді «Күз» бол келдім</p> | <p>Сәлеметсіздер ме Апайлар!!! Бізben бірге бар әлем Қуанады балаша. Қуанышқа бөленген Өмір қандай тамаша!</p> <p>Балалар сұрақтарға толық және нақты жауап береді.</p> <p>Ағаштардан сары, қызыл, қоңыр жапырақтар ұшып жерге түседі.</p> <p>Ауа-райы суық болады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жылы киінеміз</p> <p>Жантөре: Ел егінді жинайды, Қырманға дән сыймайды. Біздің дала бай дала, Алтын астық айнала.</p> <p>Аружан: Тұсіп жатыр аулада Ағаштардан жапырақ. Алтын күзім келді ма? Сарғайыпты жапырақ.</p> |
|--|---|---|

| | | |
|--|---|---|
| | <p>Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.</p> <p>Балалар, біз де күзге тақпақ айтып берейік.</p> <p>-Рахмет балалар!</p> <p>- Мен сендерге ойын алып келдім.</p> <p>- Жарайсындар балалар! Дәмін татып қай жеміс екенін тез және тұра таптындар.</p> <p>Сергіту жаттығуы.</p> <p>Ойын: «Ғажайып коржын».</p> <p>мақсаты: қоржыннан алған жеміс-көкөністерді атау.</p> <p>Алма – домалақ, түсі қызыл, сары, жасыл, дәмі тәтті.</p> <p>Қияр – сопақша, түсі жасыл.</p> <p>Сәбіз – түсі қызыл-сары, өте дәмді.</p> <p>Анар – домалақ, дәмі қышқыл-тәтті.</p> <p>Барлық көкөніс пен жемістер дәруменге бай.</p> <p>Алма мен қиярдың мұсінің жасалу тәсілін балаларға</p> | <p>Жомарт күз Жемісті мол теретін «Күз» дос еken біздермен Бәрін тауып беретін, Жомарт еken «Күз» деген!</p> <p>Ойын: «Дәміне қарай тап!»</p> <p>Орнымыздан тұрамыз, Бау-бақшаға барамыз. Алма теріп аламыз, Жүзім теріп аламыз. Сәбіз, қияр тереміз, Бәрін себетке саламыз, Тобымызға келеміз, Қолымызды жуамыз. Орнымызды табамыз.</p> <p>Балалар сергіту сәтін іс- қимылмен жасайды.</p> <p>Алма,қияр,сәбіз, анар.</p> |
|--|---|---|

| | | |
|--|---|---|
| | <p>көрсетіп, оларды екі орталыққа бөлу:</p> <p>I – Жемістер орталығы.</p> <p>мақсаты: алманың мүсінін алақан арасында тұзды қамырды есіп жасау.</p> <p>II – Кекеністер орталығы.</p> <p>мақсаты: қиярдың мүсінін алақан арасында тұзды қамырдан жасау.</p> <p>Қонаққа кім келді?</p> <p>Қандай жеміс пен кекеністің мүсінін жасадық?</p> <p>Үйымдастырылған оқу іс-әрекетінберілген тақырыпта сұрақ-жауап арқылы көртындылау, балаларды мақтау.</p> | <p>«Шебер қолдар»</p> <p>тақырыбында балалардың жасаған жұмыстарынан көрме үйимдастыру.</p> <p>Күз келді!</p> <p>Алма, қияр.</p> <p>Балалар өзінің іс-әрекетін әңгімелейді, мүсіндеген жұмысына баға береді.</p> |
|--|---|---|

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Күз мезгілінде барлық жеміс, кекеністер пісіп, жиын-терім болатынын түсіне білді.

Қалыптасқан әдет: Үйымдастырылған оқу-іс әрекетіне қызығушылық танытады.

Істей біледі: Балалар өз бетімен іс-әрекет жасап, алма мен қиярдың мүсінін жасауды менгере білді.

Үйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы. Уақыты: 18.09.2013.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Тақырып: «Добым, добым дөңгелек, Тоқтамайсың дөңгелеп»

Мақсаты: Білімділік: Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйрету.

Ұсақ қол қымыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр түрлі, әр түсті доптар.

Қажет құралдар: тұзды қамыр, тақтайша, сұлгі.

Создік жұмыс: қамқорлық, төрт түлік мал. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, көртындылау.

Қостілділік компоненті: Доп-мяч

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|----------------------------------|---|---|
| Мотивациялық-көзғауышылық | <p>Ш.ш: 06-04-«Б» №18</p> <p>Балалар сендер кілемінің үстінде отырып ойнағанды жақсы көресіндер ме?</p> <p>Кілемнің үстіне қарандаршы сендерді әдемі, дөп - дөңгелек доптар күтіп тұр.</p> <p>Сендермен ойнағымыз следі дейді. Ал сендердің доппен ойнағыларың келеме?</p> <p>Олай болса ең алдымен, топтың ішінде доппен қалай ойнау керек екендігі туралы ережені есімізге сақтап алайық.</p> <p>- олай болса, топтың ішінде доптармен қалай ойнасақ болады?</p> <p>- Доптар сондай женіл олар секіргенді, дөңгелегенді ұнатады. Олар биікке секіріп, алысқа дөңгелеп тындармай қоюлары</p> | <p>Кел, балалар, құлейік! Құлқіменен тұлейік! Құлқі - көңіл ажары! Құліп өмір сүрейік!</p> <p>Балалар ия жақсы көреміз.</p> <p>Балалар доптарды көріп, ойнағылары келетіндерін айтады.</p> <p>Доппен ойнағанда қандай оқыс жағдайлар болуы мүмкін? (допты тым биікке лақтырсақ, жарықты сындырып аламыз, алысқа лақтырсақ терезеге тигізіп алуымыз мүмкін немесе басқа заттарды да құлатып алуымыз мүмкін)</p> <p>(бір - бірімізге дөңгелетіп, еденге соғып немес бір - біріміздің қолымызға лақтырамыз т. б.)</p> <p>Балалар жауабы Доппен ойнай отырып, олардың дөңгелек, жұмыр екендігін анықтайды</p> |

| | | |
|----------------------|---|--------------------------------|
| | мүмкін. Сол үшін сендер оларға топтың ішінде қалай ойнау керек екендігін үретіндер. | |
| Іздену барлау | <p>Енді доптарымыз біраз демалсын, кілемнің үстінде қалдырайық та үстелімізге келіп отырайықшы.</p> <p>- Балалар доп қандай болады еken? (Добымыздың көрінісін сұрау)</p> <p>«Добым, добым дөңгелек, тоқтамайсың дөңгелеп» деп айтсақ болама?</p> <p>Біздің тобымызда бұлардан басқа қандай доптар бар? Және ойнаған доптарымыз кішкентай болған. Ал мұналар қандай? (ұлкен) Демек доптар улкен, кішкентай пішінде бола береді еken.</p> <p>Мен сендерге бүгін тұзды қамыр арқылы доп жасауды үреткім келеді. Сендер әрқайсында өз қолынан жасалған доп болғанын қалайсындар ма?</p> <p>Олай болса мұқият болайық. Бізге ол үшін қандай құралдар қажет еken?(өзім жасау жолдарын көрсетемін)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Доптың көлемі мен түсін анықтаймыз. Сол доптың түсіне сәйкес тұзды қамырда таңдаймыз. 2. Тұзды қамырды жұмсартамыз 3. Екі алақанымыздың ортасына тұзды қамырды салып дөңгелетеміз 4. балаларға ауада осы іс - әрекеттерді орындаатамын 5. Өз беттерімен жұмыс істейді (көмегімді қажет еткен балаға | дөңгелек, дөңгелегенді ұнатады |

| | | |
|---------------------------------------|--|--|
| | көмектесемін) | |
| | | <p>Доп туралы 2 шумақты қайталап айтады</p> <p>Үстел үстіндегі заттарды атайды. (тұзды қамырды, тақтайша, сұлғі)</p> <p>Мұқият тыңдайды Ауада қайталайды өз еріктерімен допты мұсіндеңді</p> |
| Рефлексивті – қорытындылау | <p>Сонымен барлығымыз тұзды қамыр арқылы не жасап алдық?</p> <p>Допты жасаған сендерге оңай тиді ме? Ендеشه кімнің добы әдемі болғандығын жәнеде ата - аналарымызға көрсету үшін көрмеге орналастырайық.</p> <p>Үйге барған соң да осылайша тұзды қамыр арқылы доп жасап алуларыңа болады. (доппен еркін ойнауға рұқсат беріледі) Балалар жауабы</p> | <p>Доп жасадық</p> <p>Ия. Доп жасаған оңай екен.</p> <p>Көрмеге жұмыстарын орналастырып, ең әдемі допты таңдайды</p> |

Құтілетін нәтиже Білуі немесе хабардар болуы: Эр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мұсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады. **Қалыптасқан әдет:** Түстерді ажырата біледі. **Істей біледі:** Мұсіндей алады

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 2.10.2021.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Тақырып: «Жұзік»

Мақсаты: Білімділік: Балаларға зергерлік өнер туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық қиялдарын дамыту.

Тәрбиелік: Қазактың салт-дәстүрлерін және үлкенді құрметтеуге тәрбиелу.

Көрнекілігі: Зергерлік бұйымдар, алқа, білезік, жұзік

Қажет құралдар: тұзды қамыр, тақтайша, қылқалам сұлғі.

Сөздік жұмыс: Зергер, шебер.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Қостілділік компоненті: Жұзік-кольцо.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---------------------------------|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | <p>Ш.ш: 06-04-«Б» №18</p> <p>Балалар, жылдың неше мезгілі бар? Аптаның неше күні бар?</p> <p>Балалар, біздер өткен іс-әрекетімізде нені мұсінделдік? Қане, бәріміз есімізге түсірейік. Нені мұсінделдік? Ал енді бүгін біздер жұзікті мұсіндейік және оны бояумен бояйық. Сонда мұсіндең жұзігімізді әжемізге сыйлаймыз. Ал, мына жерде зергерлер бұйымы көп екен, сендер нені көріп тұрсындар? Бұны кімдер тағады?</p> <p>Бұл жерді не деп атайдыз? Дүкендегі заттарды кімдер сатады?</p> | <p>Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі - көңіл ажары! Күліп өмір сүрейік!</p> <p>Жылда 4 мезгіл бар. Аптада 7 күн бар. Доптың бейнесін.</p> <p>Алқа, білезік, сырға, сақина өте көп екен. Әжелер, тәтелер, апалар, тағады Зергерлік дүкені деп атайдыз. Сатушы сатады. Ал, біздер сатып алушылармыз. Жұзіктің ұнағанын айтады.</p> |

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| | Балалар, сендерге не ұнады? | |
| Іздену барлау | <p>Алдымен, сендер қалай жасалу жолдарын түсініп алындар, әуелі қамырымызды жақсыладап араластырып оны тұзға былғаймыз, сонда тұзға былғанған қамырымыз дайын болады. Енді одан жүзікті мұсіндейік, алақанымызды арасына салып жұмсартып алып, оны ұзынша етіп аламыз.</p> <p>Соны екі саусағымыздың ұшымен екеуін біріктіреміз. Сонда жүзігімізді мұсінедік.</p> <p>Енді өзіміздің қалаған бояуымызбен бояймыз. Боямас бұрын қылқаламның ұшымен жұқалап бояймыз. Боялған соң қылқаламның ұшын жуып қоямыз, ал қолымызды шүберекпен сұртеміз.</p> <p style="text-align: center;">Сергіту сәті:</p> | <p>Балалар тәрбиешіні зейін қойып тындаиды.</p> <p>Тәрбиешіге қарап жүзікті мұсіндеуге кіріседі.</p> <p>Оңға-онға түзеу тұр Солға-солға түзеу тұр, Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым Жоғары төмен қарайық</p> <p>Орнымызды табайық.</p> |
| Рефлексивті – қорытындылау | <p>Балалар, біздер не жасадық, зергерлер, шеберлер деген кімдер?</p> <p>Олар не жасайды? Зергерлік бүйімдар сендерге ұнай ма?</p> <p>Ойын : «Сақина» ойынымен аяқтау.</p> | <p>Жүзік жасадық.</p> <p>Зергелік бүйімдар жасайды.</p> |

Қүтілетін нәтиже Білуі немесе хабардар болуы: Эр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мұсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады. **Қалыптасқан әдет:** Түстерді ажырата біледі. **Істей біледі:** Мұсіндей алады

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 16.10.2021ж.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Тақырып: «Алтын балық»

Мақсаты: Білімділік: Балаларға балық туралы жан-жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, алақан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпақтау, есу тәсілдерін жалғастыру.

Дамытушылық: Мұсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бір-біріне біріктіруді дамыту.

Тәрбиелік: Саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Балықтардың суреттері, аквариум.

Қажет құралдар: тұзды қамыр, тақтайша, қылқалам сұлғі.

Сөздік жұмыс: алтын балық, балдыр, жұзу, аквариум, ұлу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Костілділік компоненті: Балық – рыба.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---------------------------------|--|--|
| Мотивациялық-козгаушылық | <p>Ш.ш: Жұмбақ жасыру:</p> <p>Шанқ-шұңқ еткен үні жоқ, Сусыз оның күні жоқ Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ. Бұл не?</p> <ul style="list-style-type: none">- Балалар, дұрыс шештіңдер.Бүгінгі мұсіндеу ерекше болмақ. Өйткені біз жай балық емес, ертеғідегі біздің тілегімізді орындаі алатын балықты мұсіндейміз. Ол үшін біз балықтар туралы жан-жақты мәлімет алайық.- Балықтың аттарын білесіңдер ме?Балықтар қайда тіршілік етеді? Жануарлар мен жәндіктер жерде және суда тіршілік етіп көбейсе, ал балықтар тек қана суда ғана тіршілік етіп көбейеді. Балықтардың 22000-нан астам түрі бар деп есептеледі. | <p>Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, кулеміз. Бірге балық аулаймыз. Міне біздер қандаймыз! Орман, көлге, шыңға біз Саяхатқа шығамыз. Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз! Әрқашан тілекtes, Досыңа көмектес!</p> <p>Ол- балық. Балықтар - негізінен судағы тіршілікке бейімделген жануар. Жұзу жағынан олар өзге жануарлардан асып түседі: Балықтар өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс, дем алады. Желбезек арқылы</p> |

| | | |
|-----------------------------------|---|---|
| | | балықтарға суда араласқан оттегі түседі. |
| Іздену барлау | <p>1.Балықтың денесін жасау үшін гүзды қамырды алақанға салып, айналдыра отырып домалақ пішінге келтіру.</p> <p>2.Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жаншу арқылы жалпақтау.</p> <p>3.Қанатын есу.</p> <p>4.Күйрығын есу, жалпақтау арқылы жасайды</p> <p>5.Заттарды бір-біріне біріктіру.(денисіне қанаттарын, қүйрығын өз қалаулары бойынша әсемдеу.)</p> <p>Заттарды бір-біріне біріктіруде, саусақ ептілігімен пішінді бұзбай таза, ұқыпты орындауға қадағалау.)</p> <p>Тосын сый:</p> <p>6.Осы кезде өзен, су тасқыны естіледі. Су перісінің қызы кіреді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсіндер ме, балалар! - Балалар, мен су перісінің қызымын, суда ғана өмір сүремін. Мен сендердің балықты мұсіндең жатқандарынды көріп, еңбектеріңе риза болып, аквариум ала келдім, өйткені балық суда ғана тіршілік етеді. <p>Тәрбиеші: - Рақмет, сізге су перісі!</p> <p>Біз жай балықты емес, ілегімізді орындастын балықты мұсіндейдік аквариумыңызға ракмет! Сергіту сәті:</p> | <p>Тұп-тұнық мөлдір суда</p> <p>Балық жүзіп жүр екен</p> <p>Біреке керіледі, біреке жиырылады</p> <p>Біреке құмға тығылады.</p> |
| Рефлексивті – қорытындылау | <p>Балалардың жұмысынан көрме үйымдастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар ақ тілектерінді айтып, балықтарынды мына аквариумға жібере койындар. - Жұлдыз, сен қандай тілек айтасың? <p>Су перісі балалардың жұмыстарына баға береді.</p> | <p>Балалар мұсіндең балықтарын көрмеге қояды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сіздерге денсаулық, бақыт тілеймін.т.с.с. |

| | | |
|--|----------------------------------|--|
| | Балалар өз бетінше жұмыс жасайды | |
|--|----------------------------------|--|

Күтілетін нәтиже

Білуі немесе хабардар болуы: Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мұсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады.

Қалыптасқан әдет: Түстерді ажыратада біледі.

Істей біледі: Мұсіндей алады

Үйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 13.11.2021ж.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Үйрек»

Мақсаты: 1. **Білімділік:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Қиялдарын дамыту. Үйректі мұсіндей алуға үйрету. 2. **Дамытушылық:** Саусақ моторикаларын дамыту. 3. **Тәрбиелік:** Үқыптылыққа тәрбиелеу. **Көрнекілік:** Үйректің суреті, мұсіні. **Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сұлгі, тақтайша. **Сөздік жұмыс:** Мұсін, үй құсы. **Қос тілділік компоненті :** Мұсіндеу – лепить, үйрек – утка.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|---|--|
| Мотивациялық – қозғаушы | <p>Ш.ш «Біз бақытты балдырған» 06-04-«Б».№21</p> <p>Ғажайып сәті: Есік тарсылы естіледі. Топқа, қолында тұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді. Еркежан: Балалар менің қолымдағы не нәрсе? Мұны жеуге бола ма?</p> | <p>Қане, қане тұрамыз. Үлкен шеңбер құрамыз. Біз бақытты балдырған Біз көнілді балдырған Ойыншықпен ойнаймыз. Тату-тәтті боламыз.</p> <p>Балалар қызығушылық танытады.</p> <p>Балалар, оның тұзды қамыр екенін айтады. Тұзды қамырды жеуге болмайды.</p> |
| Іздену - барлау | <p>Тұзды қамырмен не істеуге болады?</p> <p>Сендер маған мұсін жасауды</p> | <p>Тұзды қамырмен мұсіндер жасауға болады.</p> <p>Карайды, бізбен бірге отыр, біз саған мұсін жасауды</p> |

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| | <p>үйретесіндер ме?</p> <p>Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырымын.</p> <p>Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алыш, мұсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды.</p> <p>Жұмыс соңында қолдарынды сұлгімен сұрту керек.</p> <p>Тұзды қамырды таратып береді. Үйректі көрсетіп, мұсіндеулерін сұрайды.</p> <p>Балалар сендер не жасайсындар?</p> <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә» №1</p> | <p>үйретеміз.</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тындаиды.</p> <p>Мен, Еркежанға үйрек жасауды үйретемін. Мен, Еркежанға мұсіндеуге көмектесемін. Балалар ермексаздан үйректі жасауға кіріседі.</p> <p>Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.</p> |
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды.</p> <p>Рахмет сендерге балалар, енді мен ермексаздың не үшін керек екенін білетін боламын. Сау болындар - деп кетеді.</p> | <p>Балалар өздерінің мұсіндерін Еркежанға беріп, мен, үйрек жасадым.</p> |

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мұсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мұсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы. Ұақыты: 21.11.2021ж.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Торғай»

Мақсаты: 1. **Білімділік:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, үзу арқылы торғайды мұсіндей алуға үйрету.

2. **Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.

3. **Тәрбиелік:** Үқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Торғайдың суреті.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сұлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мұсін, қиял, ойлау.

Көс тілділік компоненті : Мұсіндеу – лепить. Торғай-птица.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|--|---|
| Мотивациялық – қозғаушы | Ш.ш 06-04 «Б» №28 Ғажайып сәті: Есік тарсылы естіледі. Топқа, қолында тұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді. Еркежан: Балалар менің қолымдағы не нәрсе? Мұны жеуге бола ма? | Достарды біз қолдаймыз Киын шақта қолдаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз! Балалар қызығушылық танытады. Балалар, оның ермексаз екенін айтады. Тұзды қамырды жеуге болмайды. |
| Іздену - барлау | Тұзды қамырмен не істеуге болады? Сендер маған мұсін жасауды үйретесіндер ме? Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын. Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мұсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды. | Тұзды қамырмен мұсіндер жасауға болады. Жарайды, бізбен бірге отыр, біз саған мұсін жасауды үйретеміз. Балалар тәрбиешіні мұқияттындайды. |

| | | |
|-----------------------------------|--|--|
| | <p>Жұмыс соңында қолдарынды сұлгімен сұрту керек. Ермексазды таратып береді.</p> <p>Балалар, осы тұзды қамырмен біз бүгін торғайды жасап үйренеміз.</p> <p>Сендер торғай туралы қандай тақпақ білесіндер?</p> <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1</p> | |
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды.</p> <p>Рахмет сендерге балалар, енді мен тұзды қамырдың не үшін керек екенін білетін боламын. Сау болындар - деп кетеді.</p> | <p>Торғай, торғай тоқылдақ. Жерден бидай шоқып алып, Бөтекесі бұлқілдеп, Отыр талда шықылдала.</p> <p>Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Қекке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.</p> <p>Балалар өздерінің мұсіндерін Еркежанға беріп, мен, торғай жасадым - деп өз жасаған мұсіндерінің аттарын айтады.</p> |

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мұсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мұсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы. Ұақыты: 11.12.2021.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: Үй жануарларын мұсіндеу «Қозы»

Мақсаты: 1. Білімділік: Үй жануарлары жайлы білімдерін кеңейту. 2.

Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту. 3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Көрнекілік:** Үй жануарларының суреті. **Құрал-жабдықтар:** Түзды қамыр, сұлгі, тақтайша. **Сөздік жұмыс:** Мұсін, қиял, ойлау. **Қос тілділік компоненті:** Қозы-ягненок.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|---|---|
| Мотивациялық – қозғаушы | <p>Ш.ш 06-04 «Б» №28</p> <p>Гажайып сәті: Есік тарсылы естіледі.</p> <p>Топқа, қуыршақ Айгерім кіреді. Сәлеметсіңдерме балалар? Сендерді аналарың қалай еркелетеді?</p> | <p>Достарды біз қолдаймыз Қын шақта қолдаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз!</p> <p>Балалар қызығушылық танытады.</p> <p>Сәлеметсізбе! Мені, анам құлыным- деп еркелетеді. Мені, ботам – деп еркелетеді.</p> |
| Іздену - барлау | <p>Көрдіңдер ме, балалар! Сендерді аналарың төрт түлік малдың атымен еркелетеді екен.</p> <p>Гағы қандай үй жануарларының атарымен еркелетеді?</p> <p>«Төлін тап» д.о</p> <p>Балалар мен сендерге жұмбак жасырайын.</p> <p>Моп-момақан –өзі, сұп-сүйкімді –көзі, ол кім?</p> <p>Олай болса біз сендермен қозының мұсінің жасайық.</p> | <p>-Ботам, қозым, лағым, құлыншағым.</p> <p>Балалар суретке қарап үй жануарларының төлдерін айтады.</p> <p>Балалар, «қозы» екенін айтады.</p> |

| | | |
|---------------------------------------|--|--|
| | <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1</p> | <p>Балалар тұзды қамырмен мүсінді жасауға кіріседі.</p> <p>Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Қекке колды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.</p> |
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>Айгерім, балалардан не жасағандарын сұрайды.</p> <p>Жұмыс соңында «өрісте жайылып жүрген қошақандар» атты көрме ұйымдастыру.</p> <p>Рахмет сендерге балалар, енді мен үй жануарлары туралы, олардың төлдері туралы көп нәрсе билетін болдым. Сау болыңдар - деп кетеді.</p> | <p>Балалар өздерінің мүсіндерін Айгерімге беріп, мен, қозы жасадым - деп өз жасаған мүсіндерінің аттарын айтады.</p> |

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы. Ұақыты: 19.02.2021.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Машина»

Мақсаты: 1. **Білімділік:** Көліктер жайлы білімдерін кеңейту. 2. **Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрnekілік: Көліктердің суреті.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мұсін, қиял, ойлау.

Кос тілділік компоненті: Көлік-транспорт.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-------------------------|--|---|
| Мотивациялық – қозғаушы | Ш.ш 06-04 «Б» №43 | Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Сіздерге сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Әдептен біз озбаймыз, Жадымызда ұстаймыз. Жол тәртібін уйреніп, Аман-есен журеміз. |
| Іздену - барлау | <p>«Көліктер аялдамасы» ойыны.</p> <p>Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдалады да, әр қайсысы өзінің тоқтайтын аялдамасын тауып ажырату.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма: Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріндер.</p> <p>II. Мағынаны тану:</p> <p>1. Тәрбиеші: Балалар Ас атасы не?</p> <p>Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар.</p> <p>Нанның дастарқанға үлкен еңбектің арқасында келетінін бұрыннан білесіндер. Қане, есімізге түсірейікші.</p> | <p>Біз тікүшақты таңдадық.</p> <p>Біз тік ұшақты таңдаған себебіміз.... Ол әуе жолдарымен ұшады.</p> <p>Балалардың жауабы: Ас атасы-нан.</p> |

| | | |
|--|---|--|
| | <p>Гәрбиеші: Өздеріңнің аналарының күнде дайындал жүрген нан ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударындар, мен қамырды салай дайындастынын көрсетемін.</p> <p>Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді болуы үшін оған кішкене шекер, тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр илейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз, одан соң көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып, нанды пісіреміз.</p> <p>Бұрын мұсіндеу сабағында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмыссымыз тұзды қамырдан машина кесіп дайындау.</p> <p>Алдымен ыдыска 250-300 гр. Бидай ұнын салып, оған 150 гр. тұз, 3 ас қасық май, 240 гр. су қосып қамыр иlep, дайындал қойдым. Біз бүгін осы алдымыздың дайын тұзды қамырды оқтаумен, қалыңдығы 0,5 см етіп жаямыз да, оның бетіне кескішпен қалаған машина суретін салып кесеміз Ал, енді жұмысқа кірісейік.</p> <p>2. Сергіту сәті: «Көліктер-2» мультфильмін тамашаладау.</p> | <p>Балалар алжапқыштарын киіп, жұмыстарына кіріседі де, аяқтаған</p> |
|--|---|--|

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| | | жұмысты пешке қойып кептіре береді. Даын болғанша, бой сергітіп, мультфильм көреді. |
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>«Ой толғаныс»</p> <p>Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талдаپ, сабаққа қақсы қатынасқандарын мадақтап, балаларға белгі таратылып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды.</p> | <p>Балалар: Жалғайтын достастырып бар елменен Жолдардан тұрады ғой әлем деген.</p> <p>Айтамыз бізге келген қонақтарға Сақтаңыздар жол жүру ережесін.</p> |

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы. Ұақыты: 5.02.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Ұшақ»

Мақсаты: 1. Білімділік: Көліктер жайлы білімдерін кеңейту. 2. Дамытушылық: Саусақ моторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Көрнекілік:** Көліктердің суреті. **Құрал-**

жабдықтар: Тұзды қамыр, сұлгі, тақтайша. **Сөздік жұмыс:** Мұсін, қиял, ойлау. **Қос тілділік компоненті:** Көлік-транспорт. Ұшақ-самалет

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-------------------------|--|---|
| Мотивациялық – қозғаушы | Ш.ш 06-04 «Б» №43 | Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Сіздерге сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Әдептен біз озбаймыз, Жадымызда ұстаймыз. Жол тәртібін уйреніп, Аман-есен жүреміз. |
| Іздену - барлау | <p>«Көліктер аялдамасы» ойыны. Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдап алады да, әр қайсысы өзінің тоқтатының аялдамасын тауып ажырату.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма: Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріндер.</p> <p>II. Мағынаны тану:</p> <p>1. Тәрбиеші: Балалар Ас атасы не?</p> <p>Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар. Нанның дастарқанға үлкен еңбектің арқасында келетінін бұрыннан білесіндер. Қане, есімізге түсірейікші.</p> | <p>Біз тікүшақты таңдадық.</p> <p>Біз тік ұшақты таңдаған себебіміз.... Ол әуе жолдарымен ұшады.</p> <p>Балалардың жауабы: Ас атасы-нан.</p> <p>Балалардың жауабы: Көктемде егінші жер</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | <p>Гәрбиеші: Өздерінің аналарының күнде дайындал жүрген наң ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударындар, мен қамырды салай дайындастынын көрсетемін. Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді болуы үшін оған кішкене шекер, тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр илейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз, одан сон көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып, нанды пісіреміз.</p> <p>Бұрын мұсіндеу сабагында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмысымыз тұзды қамырдан ұшақ кесіп дайындау.</p> <p>Алдымен ыдысқа 250-300 гр. Бидай ұнын салып, оған 150 гр. тұз, 3 ас қасық май, 240 гр. су қосып қамыр иlep, дайындал қойдым. Біз бүгін осы алдымызыдағы дайын тұзды қамырды оқтаумен, қалындығы 0,5 см етіп жаямыз да, оның бетіне кескішпен қалаған машина суретін салып кесеміз Ал, енді жұмысқа кірісейік.</p> <p>2. Сергіту сәті: «Көліктер-2» мультфильмін тамашалау.</p> | <p>жыртып, дән себеді. Оны жаздай балтап күтеді. Күзде комбайынмен орады. т.с.с әңгімелейді.</p> <p>Тәрбиешінің айтқандарын мұқияттында отырады.</p> |
| | | <p>Балалар алжапқыштарын киіп, жұмыстарына кіріседі де, аяқтаған жұмысты пешке қойып кептіре береді. Дайын болғанша, бой сергітіп,</p> |

| | | |
|-------------------------------|---|--|
| | | мультфильм көреді. |
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>«Ой толғаныс»</p> <p>Гәрбиеші балалардың жұмыстарын талдап, сабаққа қақсы қатынасқандарын мадақтап, балаларға белгі таратылып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды.</p> | <p>Балалар: Жалғайтын достастырып бар елменен Жолдардан тұрады ғой әлем деген.</p> <p>Айтамыз бізге келген қонақтарға Сақтаңыздар жол жүру ережесін.</p> |

Құтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Калыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы. Ұақыты: 19.03.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған моншақтар»

Мақсаты:

1. Білімділік: Эшекей бұйымдары жайлы білім беру.

2. Дамытушылық: Саусақ матрикаларын дамыту, тізбектей алуға үйрету.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сұлгі, тақтайша. **Көрнекілік:** Моншақтардың суреттері.

Сөздік жұмысы: эшекей.

Қостілділік компоненті: моншақ –бусы.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-----------------------------------|---|---|
| Мотивациялық – қозғаушылық | <p>Ш.ш «Жақсы сөздер» 06-04-«Б».№5</p> <p>Балаларды ұйымдастыру.</p> <p>Есік тарсылы естіледі.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар бұл кім болды екен?</p> <p>Балалардың назарын есікке аударады.</p> <p>Топқа хат келеді.</p> <p>Хатта, бүгін қонжықтың туған күні екені жазылады.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар біз қонжықтың туған күніне сыйлық апарсақ қайтеді?</p> <p>Гәрбиеші: Қонжыққа арнап моншақ жасауларын ұсынады.</p> | <p>Балалар шеңбер бойымен тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.</p> <p>Балалар дыбысты естіп, тыңдайды.</p> <p>Балалар қандай сыйлық жасайтындарын айтады.</p> <p>Балалар келіседі.</p> |
| Іздену- барлау | <p>Қауіпсіздік ережесімен таныстырады.</p> <p>Тұзды қамырмен жұмыс қасағаннан кейін қолдарын сұлгімен сұртуді ұмытпауларын естеріне салады.</p> | <p>Балалар тыңдайды.</p> |

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| | <p>Тұзды қамыр таратылып беріледі.</p> <p>Қозғалмалы ойын: «Моншак»</p> | <p>Балалар тұзды қамырды екі алақанның ортасына салып, есу арқылы домалақтап моншақтарды жасайды.</p> <p>Балалар ойынға қызыға қатысады.</p> |
| Рефлексивті – қорытындылау | <p>Жасаған моншақтарын қонжыққа апарып береді. Конжық балаларға рахмет айтады.</p> | <p>Балаларды шенберге тұрғызып өз ойларымен бөлісү.</p> |

Күтілетін иәтиже

Білуі не хабардар болуы: Тұзды қамырдан моншақ жасауға үйренеді, оны түрлі-түсті бояулармен бояйды.

Қалыптасқан әдет: Тұзды қамырмен жұмыс жасай біледі.

Істей біледі: Екі алақанмен тұзды қамырды есе алады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 19.05.2022. **Білім беру салалары:** «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Ұлкен және кіші саңырауқұлақтар»

Мақсаты:

Білімділік: Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Көкөністер жайлы білімдерін кеңейту.

Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Саңырауқұлақтың суреті, мұляжы.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сұлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Көкөніс, дәрумен, салат.

Кос тілділік компоненті : саңырауқұлақ-грибы

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|--|--|
| Мотивациялық – қозғаушы | <p>Ш.ш «Жақсы сөздер» 06-04-«Б» №5</p> <p>-Балалар, сендер қалай өйлайсындар. Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>Көктем екенін қайдан білдіндер?</p> <p>Балалар, бізге біреу келе жатқан сияқты. Кім екен?</p> | <p>Қазір жылдың көктем мезгілі.</p> <p>Далада ауа-райы салқын.</p> <p>Талға жапырақтар шыға бастады.</p> <p>Балалар қызығушылық танытады.</p> |
| Іздену - барлау | <p>Қызықтыру сәті:</p> <p>-Балалар бізге қонаққа кірпі келіпті, арқасында саңырауқұлағы бар екен.</p> <p>-Кірпі сен бұларды қайдан алдың?</p> <p>Кірпі: Мен орманда келе жатсам, талдың түбінде бір саңырауқұлақ өсіп тұр екен.</p> <p>Соны үзіл алдым.</p> <p>Кірпі: Жылап, мені үйде балаларым тосып отыр, мен оларға көп саңырауқұлақтар алып келемін деп едім, орманда бір ғана саңырауқұлақ қалыпты,</p> | <p>Балалар кірпіні көріп куанады.</p> <p>Кірпіден саңырауқұлақты қайдан алғанын сұрайды?</p> <p>Балалар кірпіге көмектесетіндерін айтады.</p> <p>Біз саған тұзды қамырдан көп саңырауқұлақтар жасап береміз, сен жылама.</p> |

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| | <p>қалғандарын басқа кірпілер жинап әкетіпті. Енді не істесем болады?</p> <p>Тәрбиеші: балаларды тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырады, оларды үзуге, есуге болатыны жайлы айтады.</p> <p>Қауіпсіздік ережесін естеріне салады.</p> <p>Жұмыс соңында қолдарын сұлгімен сұртууді ұмтыпау керектігі жайлы айтады.</p> <p>Балаларға тұзды қамыр таратылып беріледі.</p> <p style="text-align: center;">Сергіту сәті:</p> | <p>Тәрбиешіні зейін қойып тындаиды.</p> <p>Тұзды қамырдың қасиеттерімен танысады.</p> <p>Тұзды қамырдан ұлгіге қарап саңырауқұлақтарды мүсіндеуге кіріседі.</p> <p style="text-align: center;">Кірпі, кірпі, кірпі Үстің толған ине Бірін берсең шіркін. Тігер едім түйме.</p> |
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>Кірпі: Балаларға ризашылығын білдіреді.</p> <p>Рахмет, сендерге балалар, сендер өте мейірімді екенсіндер. Енді мен саңырауқұлақтарымды алып өзімнің балаларыма барайын. Сау болындар.</p> | Балалар жасаған игі істеріне куанады. |

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Көктем мезгілі жайлы білімдерін кеңейтеді. дұрыс жұмыс жасай білуге үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тәрбиеші сұрағына жауап береді. Жемістердің аттарын айтады.

Істей біледі: Тұзды қамырмен жұмыс жасай алады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 14.04.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Адам бейнесі»

Мақсаты:

Білімділік: «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.

Дамытушылық: Тұыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. Тұystарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Адам бейнесін бейнелей алуға үйрету, саусақ моторикаларын дамыту.

Тәрбиелік: Адамгершілікке, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Көрnekілік: Үнтаспа, ойыншық жүрекше, суреттер.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сұлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: адамгершілік, мейірімділік, ізгі сөздер.

Кос тілділік компоненті: Тұystар-родня.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---------------------------------|--|---|
| Мотивациялық – қозғауышы | Шаттық шенбері: 06-04-«Б».№4 Сәлеметсіндер ме, балалар! Сендерді көргеніме куаныштымын! Бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуын сезінейік. Енді бір- бірімізге жақсы сөздер айтайык. | Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік, Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Кел,балалар, күлейік Күлкіменен түлейік, Қабақ түйген не керек? Көңілді болып жүрейік! |
| Іздену - барлау | Әңгіме құрастыру: «Өзіммен-еziм» Тұыс деп кімді айтамыз? Бес саусақ: | Сен әдептісің. Сен мейірімдісің. Сен қамқорсың. Сен ақкөңілсің. Сен шыншылсың. |

| | | |
|---------------------------------|---|--|
| | <p>Ойы «Дүкен»</p> <p>Балалар сендерді дүкенге шақырамын. Бұл жай дүкен емес, сиқырлы дүкен. Эр қайсылырың, осы дүкеннен өз жақындарыңмен туыстарына бір нәрсе сатып алыш, она не үшін алғандарың жайлыш айтыш бересіндер.</p> <p>Гажайып сөздер:</p> <p>Енді балалар біз тұзды қамырдан адам бейнесін жасауды үрненейік.</p> <p>Сергіту сәті:</p> | <p>панасы.</p> <p>Шылдыр шүмек-шешем, шаңырақ ажары.</p> <p>Титтай бөбек-мен, бәрінің базары.</p> <p>Мысалы: Мен сіңліме жүрекше сатып алдым, себебі ол мейірімді болса eken деймін</p> <p>Туыстарыммызды сыйлаймыз,</p> <p>Туыстарымызben татумыз.</p> <p>Балалар тұзды қамырды алыш адам бейнесін жасауға кіріседі.</p> <p>Бас, иық, тізе, саусақ.</p> <p>Бас, иық, тізе, саусақ.</p> <p>Саусақ, саусақ, саусақ. (саусақ пен тарсылату)</p> <p>Бас, иық, тізе, саусақ.</p> <p>Бас, иық, тізе, саусақ.</p> <p>Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату)</p> |
| Рефлексивті корытындылау | <p>Корытындылау:</p> <p>Туыстар бір түбірден өскен алыш ағаштың бұқтақтары тәрізді екен. Барлығымыздың да туган туыстарымыз бар. Бүтін туыстармен қалай қатынас жасау керектігін үйрендік.</p> | <p>Мен туыстарыма денсаулық тілеймін,</p> <p>Менің туыстарым көңілді жүрсе еken деймін.</p> <p>Мен туыстарыма ашық аспан тілеймін!</p> |

Күтілетін нәтижесі:

Біліуі немесе хабардар болуы: «Тұыстары» жайлыш түсініктерін көңейту. «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсінеді. Тұзды қамырдан бейне жасай алуға үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тыңдай біледі, әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді, өзіне баға бере білуі.

Істей білуі: Тыңдайды, әңгімелейді, бейне жасайды.

Үйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы. Уақыты: 8.01.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Мен, менің достарым жануарларым»

Мақсаты:

1. Білімділік: Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауды, қыс бойы үйқыда болуы) туралы әңгімелеу.

2. Дамытушылық: Тұған өлкенің жануарларын қорғау. Сөздік қорларын молайту. Саусақ маторикаларын дамыту.

3. Тәрбиелік: Жануарларды қамқорлыққа алу сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілік: Жануарлардың суреттері, мұляждары.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сұлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мейірімділік. **Қостілділік компоненті:** Жануарлар –животные.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|------------------------------|---|--|
| Мотивациялық-козгаушы | 06-04-«Б». №22 «Әдепті сөздер» Ғажайып сәті: Тәрбиеші: - балаларға, сиқырлы дорбаны көрсетеді. Дорбада жануарлардың мұляждары жатыр екен. Балалар, бұл не заттар? | Балалар жартылай шеңберге тұрады. Сен әдептісің. Сен мейірімдісің. Сен қамқорсың. Сен ақкөңілсің. Сен шыншылсың. Балалар назарларын дорбаға аударады. Балалар оның жануарлар екенін айтады. |

| | | |
|------------------------------------|--|---|
| <p>Іздену-барлау</p> | <p>Оқу іс –әрекетін жабайы андар туралы суреттерді көрсетуден бастау.</p> <p>Балалар, сендер қандай жабайы андарды білесіндер?</p> <p>Мынау қандай аңың суреті? Аю туралы кім тақпақ біледі.</p> <p>Неге біз оларды жабайы жануарлар деп атایмыз?</p> <p>Гәрбиеші, балаларға жабайы андар туралы қысқаша әңгімелеп береді.</p> <p>Ақ аю мен қоңыр аюды көрсетеді.</p> <p>Ақ аю немен қоректенеді екен?</p> <p>Қоңыр аю немен қоректенеді?</p> <p>Қыс мезгілі келгенде аюлар не істейді?</p> <p>Біз жануарлар жайлы көп мәліметтер алдық. Енді әркім өзіне ұнайтын жануардың мүсінін жасасын.</p> <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә». №4</p> | <p>Аю, қасқыр, түлкі, арыстан.</p> <p>Бұл, аюдың суреті.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық. Аузымызға салайық.</p> <p>Себебі олар елсіз далада өз беттерімен өмір сүреді. Өз ызықтарын өздері тауып жейді.</p> <p>Балалар зейін қойып тыңдайды.</p> <p>Ақ аю суға сұнғіп, балықтарды ұстап жейді.</p> <p>Қоңыр аю жеміс-кідектерді теріп жейді.</p> <p>Қыста аюлар ұйқыға кетеді.</p> <p>Балалар мүсінді жасауға кіріседі.</p> <p>Эн салуға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне, мен! Доспын енді сенімен.</p> |
| <p>Рефлексивті-қозғаушы</p> | <p>Жануарлар туралы мақал-мәтілдер айтып береді.</p> <p>Белсене қатысқан балаларды мақтау.</p> | <p>Балалар мақалдарды тыңдалап, жаттайды.</p> |

Күтілетін нәтижесі:

Білуі немесе хабардар болуы: Жануарлардың қыскы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы хабардар болады. Туған өлкенің жануарларын қорғауға үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тыңдай біледі, әңгімелейді.

Істей білуі: Ойынға қатысады, тыңдайды, әңгімелейді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 5.03. 2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Анама арналған гүл»

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға аналар мерекесі туралы жалпы мағлұмат беру. Біздің еліміздегі

аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы әңгімелеп

беру. **2. Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын дамыту. **3. Тәрбиелік:** Өзінен

үлкендерге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелу. **Сөздік жұмыс:** Аяулы ана, адал

ниет, шын жүрек. **Көрнекіліктер:** Сюжетті суреттер. Бейнетаспа.

Құрал-жабдық: Ойыншық жүрекше, тұзды қамыр, бояу, сұлгі. **Қостілділік компоненті:** Мереке – праздник.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|--------------------------------|--|---|
| Мотивациялық қозғаушы | <p>Ш.ш: 06.04 «Тату достар болайық» «Б» №31</p> <p>Ғажайып сәті: Сазды әуен естіледі.</p> <p>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін «Анаға сәлем» деген (Сөзі О.Иманалиевтікі, әні Е.Хасанғалиевтікі) тындаудан бастау.</p> | <p>Қане, қане, тұрайық, Үлкен шенбер құрайық. Оң жақтағы көршіге, Сол жақтағы көршіге Күлімсірей қарайық. Көкке қолды созайық, Бір-бірімізден озайық, Құшақтасып әр кезде Тату достар болайық.</p> <p>Балалар тынышталып әнді тындаиды.</p> |
| Іздену-ұйымдастырушылық | <ul style="list-style-type: none">-Бүгін біз іс-әрекетімізді аналарға арналған әнді тындаудан бастаймыз.- Балалар, зер салып тындалап отырындар.<ul style="list-style-type: none">- Сендер қандай ән тындаудындар?- Әннің авторы кім екен?- Әннің сөзін кім жазды?Балалар, кім ана туралы өлең, тақпақ біледі?Өмірдегі ең жақсы қандай сөз деп ойлайсындар? | <p>Балалар зейін қойып тындаиды.</p> <p>«Анаға сәлем» әнін тындаады.</p> <p>Әннің авторы Е.Хасанғалиев атамыз. О.Иманғалиев жазды.</p> <p>Балалар билетін тақпақтарын айтып береді.</p> <p>Өмірдегі ең жақсы сөз –</p> |

| | | |
|----------------------------|---|---|
| | <p>- Аналар мерекесі қай күн?</p> <p>-Сендер аналарыңа қалай көмектесесіндер?</p> <p>- Аналардың еңбегін қалай бағалауға болады?</p> <p>Сюжетті суретті көрсетіп, аналар мерекесі туралы әңгімелеп беру.</p> <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә» №1</p> | <p>ана, мама! Ана-өмірдің гулі.</p> <p>Аналар мерекесі- 8-ші наурызда болады.</p> <p>Үйді тазалаймыз, еден жуамыз, дастарханды әзірлеуге көмектесеміз.</p> <p>Мениң анам-жақсы адым.Ондай адам мендеғана бар. Аналарымызды жақсы көруіміз керек, оны ренжітуге болмайды.</p> <p>Балалар, зейін қойып тыңдайды.</p> <p>Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз.</p> <p>Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз.</p> <p>Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.</p> |
| Рефлексивті-түзеуші | <p>Балаларға аналарының мерекесіне арнап сыйлық жасауды ұсыну.</p> <p>Тұзды қамырмен, бояуды таратып береді.</p> <p>Балалар, бүгін біз қандай мереке туралы әңгімелестік?</p> <p>Жақсы, аналарынды құрметтеп, сыйлап жүріндер.</p> | <p>Балалар ұсынысты қуана карсы алады.</p> <p>Қылқаламмен, тұзды қамырды алып мерекелік сыйлық жасауға кіріседі.</p> <p>Аналар мерекесі туралы.</p> |

Күтілетін нәтиже

Білуі немесе хабардар болуы: Балалар аналар мерекесі туралы мағлұмат алады. Біздің еліміздегі аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы хабардар болады.

Қалыптасқан әдет: Өз беттерінше ойларын қорытындылай алу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 5.05.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Гүлді алма ағашы»

Мақсаты:

Білімділік: Көктем мезгілі жайлы білім беру. Көктемде қар еріп, алма ағаштары гүлдейтінін айту.

Дамытушылық: Тұзды қамырмен бояуды пайдалана білулерін ары қарай дамыту. Саусақ маторикаларын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тапсырманы тыңдалау, орындай біліге тәрбиелеу.

Көрnekілік: Гүлді алма ағашының суреті. **Құрал –жабдықтар:** Қылқалам, бояу, сұлгі, тұзды қамыр.

Сөздік жұмысы: Бақылау, жер жаңарып, гүлдер өседі.

Қостілділік компоненті: Ағаш-дерево.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|---|---|
| Мотивациялық – қозғаушы | <p>Ш.ш «Біз бақытты балдырган» 06-04-«Б».№21</p> <p>Ғажайып сәті: Балаларды сиіндіріп ойын алаңына шығару. Ойын алаңында көктем мезгілінің ауа-райына, ағаштарға бақылау жасату.</p> | <p>Қане, қане тұрамыз. Үлкен шенбер құрамыз. Біз бақытты балдырган Біз көңілді балдырган Ойыншықпен ойнаймыз. Тату-тәтті боламыз.</p> <p>Балалар даға шыққандарына қуанады. Қоянды көріп қызығушылық танытады.</p> |
| Іздену - барлау | <p>Тәрбиеші: Балалар қарандаршы далада, ауа-райы қандай екен? Дұрыс айтасындар.</p> <p>Біз бүгін гүлді алма ағашының мұсінін жасаймыз.</p> <p>Қылқаламмен қалай қолдану керектігі жайлы айтады.</p> <p>Қауіпсіздік ережесі жайлы айтып кетеді.</p> <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1</p> | <p>Күн жылдынып, ағаштар бүршік атыпты.</p> <p>Балалар тыңдайды.</p> <p>Қылқаламды бір-біріне сілтемеулері жайлы айтады.</p> <p>Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнгө қарай талпынып, Қекке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.</p> |

| | | |
|---------------------------------------|--|---|
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>Балалардың жасаған мүсіндерін бір-біріне көрсетіп, мақтау.</p> <p>Келесі жолы бұдан да әдемі жасауларын айтуды.</p> | <p>Балалар өз мүсіндерін бір-біріне көрсетіп мақтанады.</p> <p>Кешке ата-аналарына көрсететіндерін айтады.</p> <p>Балалар қоянмен ойнап, қуанады.</p> |
|---------------------------------------|--|---|

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен танысады. Гүлді алма ағашының мүсінін жасауға үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тұзды қамырмен мүсіндей алады.

Істей біледі: Қылқаламмен бояй біледі. ұстай біледі. Тапсырманы тыңдалап, орындаіды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 2.04.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Түймедақ»

Мақсаты:

Білімділік: Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояу.

2. Дамытушылық: Қылқаламмен бояуды пайдалана білуге үйрету. Саусак маторикаларын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тапсырманы тыңдап, сонына дейін орынданай біліге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Гүлдердің суреті. **Құрал –жабдықтар:** Қылқалам, бояу, сұлгі, тұзды қамыр.

Сөздік жұмысы: түрлі-түсті.

Қостілділік компоненті: гүлдер-цветы. Түймедақ-рамашка

| Әрекет кезеңдері | Гәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---------------------------------|--|---|
| Мотивациялық-көзгаушылық | <p>Ш.ш «Мен қандаймын!» 06-04-«Б». №29</p> <p>Ғажайып сәті: Топқа көктем мезгілі келеді. Қолында гүлдері бар. Балалар, мен сендерге гүлдердің қалай аталатынын сендерге айтып берейін. Гүлдердің аттарымен таныстырады.</p> <p>Мына гүл қалай аталады еken? Осы түймедақтың мұсінін жасайық.</p> | <p>Жақсылық көрсөң біреуден «Мен қандаймын» - деп ойла. Жамандық көрсөң біреуден, «Мен қандаймын?»- деп ойла</p> <p>Балалар қызығушылық танытады.</p> <p>Көктем мезгілін мұқият тыңдайды.</p> <p>Түймедақ - деп аталады.</p> <p>Балалар келіседі.</p> |
| Іздену барлау | Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. | <p>Қылқаламды ауызға салуға болмайды.</p> <p>Бір-біріне қарап сілтемеу керек.</p> <p>Жұмыс сонында қолымызды сұлгімен сүртеміз.</p> |

| | | |
|-----------------------------------|---|---|
| | <p>Түймедақтың мұсіндеу жолдарын көрсетеді.</p> <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә». №23</p> | <p>Балалар гүлдерді бояуға кіріседі.</p> <p>Тік ұста бойынды, Коғары соз қолынды. Соz қолынды тағы да, Жеткіз жираф мойнына.</p> |
| Рефлексивті – қорытындылау | <p>-Балалар, біз қандай гүлдермен таныстық?</p> <p>- Түймедақтың түсі қандай екен?</p> <p>-Сендер қандай түсті пайдаланыңдар? - Бұл гүлдерді бізге кім әкелді?</p> <p>Балаларды мақтау. Келесі жолы бұдан да өдемірек салуларын айту.</p> | <p>-Түймедақ, қазтаңдай т.б.</p> <p>- Ақ екен.</p> <p>Кызыл, сары, көк, жасыл т.б.</p> <p>- Балалар, Көктем мезгілінің әкелгенін айтады.</p> <p>Балалар өз суреттерін бір-біріне көрсетеді.</p> |

Күтілетін нәтиже

Білуі немесе хабардар болуы: Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояуға үйрену.

Қалыптасқан әдет: Зейін қойып тындаі біледі.

Істей біледі: Сұрақтарға жауап береді.

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты : 25.12.2021.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Шыршаға арналған ойыншықтар»

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін аңгара білуге үйрету.

Дамытушылық: Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістерін ажыраты білуге үйрету. Саусақ моторикаларын дамыту.

Тәрбиелік: Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Зейін қойып тыңдай білуге тәрбиелеу. **Көрnekілік:** Қыс мезгілінің суреттері. Шырша. Аққала.

Құрал-жабдықтар: тұзды қамыр, сұлгі. тақтайша. **Сөздік жұмыс:** сұық, қарлы, ызғар. **Қостілділік компоненті :** Қыс-зима.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-------------------------------|---|---|
| Мотивациялық– қозғаушы | <p>Ш.Ш«Арайлап таң атты!» 06-04-«Б».№17</p> <p>Қызықтыру сәті: Қонаққа Ақпан келеді. Ақпанның балаларға арналған тапсырмалары бар.</p> | <p>Балалар шаттық шенберін айтады.</p> <p>Балалар қызығушылық танытады.</p> |
| Іздену - барлау | <p>-Тәрбиеші: Балаларды жартылай шенбер бойымен отырғызып қыс мезгілі туралы әңгімелеседі.</p> <p>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>- Неге олай ойлайсындар?</p> <p>- Қыста қандай мереке болады?</p> <p>- Мерекеде бізге кім келеді?</p> <p>Шыршаны немен безендіреді?</p> <p>Қыстың балалар үш айы бар екен. Олар желтоқсан,</p> | <p>Қазір жылдың қыс мезгілі екенин айтады.</p> <p>Өйткені дала сұық, қар жатыр т.б</p> <p>Қыста жаңа жыл мерекесі болады.</p> <p>Мерекеге Аяз ата мен ақшақар келеді.</p> <p>Шыршаны ойыншықтармен безендіреді.</p> |

| | | |
|--|---|---|
| | <p>қаңтар және ақпан.</p> <p>Сюжетті суретке қарап әңгіме құрастырту.</p> <p>Ақпан келеді.</p> <p>Тәрбиеші: Сен кімсін?</p> <p>Балалар Аяз ата Ақпанның бізге хат беріп жіберіпті.</p> <p>Бұл хатта былай деп жазылыпты.</p> <p>Балалар сендер сыйлық алғанды жақсы көресіндер ме?</p> <p>Олай болса менің тапсырмаларымды орындандар.</p> <p>Орындастық па балалар.</p> <p>Тапсырма: Жұмбақ жасырыпты.</p> <p>Тікен-тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте - ол не балалар?</p> <p>Екінші тапсырмам осы шыршаға арнал әдемі оныншықтар жасандар депті.</p> | <p>Менің атым-Ақпан</p> <p>Келдім сүйк жақтан.</p> <p>Тоңып қалмай балалар.</p> <p>Аязымнан сақтан!</p> <p>Қуана «иә» деп жауап береді. Біз сыйлық алғанды жақсы көреміз.</p> <p>Иә, тапсырмаларды орындастық.</p> <p>«Шырша»</p> <p>Балалар тұзды қамырдан оныншық жасауға кіріседі.</p> |
|--|---|---|

| | | |
|-----------------------------------|---|---|
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>Ойын: «Иә немесе жоқ»</p> <p>Сұрақтар:</p> <p>Қарды жеуге бола ма?</p> <p>Қыста жылы киіну керек пе?</p> <p>Мұзды жеуге бола ма?</p> <p>Қыста жаңбыр жауа ма?</p> <p>Қыста қар жауа ма?</p> <p>Шанамен сырғанап ойнауга бола ма?</p> <p>Шыршаның шамы жаңып шыршаның ойыншықтары тәттіге айналады.</p> | <p>Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына ия, жоқ деп жауап береді.</p> <p>Жоқ</p> <p>Иә</p> <p>Жоқ</p> <p>Жоқ</p> <p>Иә.</p> <p>Иә.</p> <p>Балалар мәз болып тәттіні алады. Өз ойларымен бөліседі.</p> |
|-----------------------------------|---|---|

Күтілетін нәтиже :

Білуі nemесе хабардар болуы: Қыс мезгілі жайлы, қыста болатын өзгерістер жайлы біледі. Қыста қандай ойындар ойнауга болатыны жайлы, қардың қасиетімен танысады.

Қалыптасқан әдет: Ойындарға белсене қатысады. Өз ойларын жеткізе алады.

Істей біледі: Тақпақтарды айтады. Ойындарға қатысады.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты : 22.01.2022

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мұсіндеу)

Тақырыбы: «Аққала»

Мақсаты :

Білімділік: Ұлгіге сүйене отырып, дайын пішіндерден бейнелерді мұсіндей білуге үйрету.

Дамытушылық: Мұсіндеу техникасы дағдылары мен біліктегін дамыту.

Тәрбиелік: Үқыптылыққа тәрбиелу.

Көрнекілік: Аққаланың суреті.

Сөздік жұмыс: Қыс қызығы, қысқы ойындар.

Қостілділік компоненті: Аққала-снеговик.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|---|---|
| Мотивациялық – қозғауыш | <p>Ш.ш: 06-04-«Б» №18</p> <p>Қызықтыру сәті: Есік тарсылы естіледі. Топқа қуыршақ Айгерім келеді. Айгерімнің қолында суреттері, бар.</p> | <p>Кел, балалар, күлейік! Күлжіменен түлейік! Күлкі - көңіл ажары! Күліп өмір сүрейік!</p> <p>Балалар, бұл суреттер не үшін керек екен деп, қызығушылық танытады. Балалар таңырқай қарайды.</p> |
| Іздену - барлау | <p>Қуыршақ: Балалар әр мезгілдің өз қызықтары бар. Қыс мезгілінің қандай қызықтарын білесіндер?</p> <p>Мен сендерге бір жұмбақ жасырайын: Оны қардан жасаймыз, мұрны оның сәбіз, қолында сыптырғыш, басына шелек кигіземіз. Біледі оны барлық бала Кім екен ол? (Аққала)</p> <p>Дұрыс айтасындар, балалар, ол</p> | <p>Қыс мезгілінде Жаңа жыл мерекесі болады.</p> <p>Қыс мезгілінде қар атысып ойнауға, шаңғы тебуге, шанамен сырғанауға болады.</p> <p>Тәрбиешінің айтқандарын тыңдалып отырады.</p> |

| | | |
|---------------------------------------|---|--|
| | <p>аққала екен.</p> <p>Олай болса барлығымыз бірігіп аққаланың мүсінін жасайық.</p> <p>Тәрбиеші: Балаларға қалай жұмыс жасау керектігін айтады. Қауіпсіздік ережесін естеріне салады.</p> <p>Жұмыс соңында қолдарын сұлгімен сұртуді ұмытпау керектігі жайлы айтады.</p> <p>Сергіту сәті: 06-04-«Ә» №3</p> | <p>Балалар жұмбақтың жауабы Аққала деп айтады.</p> <p>Балалар үлгіге қарап аққаланың мүсінін жасайды.</p> <p>Санайық жаңаша, Бір,екі,ұш! Желбіре жалауша, Бір,ек, ұш! Достықта-біздің күш. Бір,екі,ұш!</p> |
| Рефлексивті - қорытындылау | <p>Қуыршақ балаларды далаға серуенге шақырады. Далада қардан аққала жасайық деп ұсыныс айтады.</p> | <p>Балалар өз жұмыстарын қуыршаққа береді.</p> <p>Істеген жақсы істеріне қуанады. Серуенге шығып аққала жасайды.</p> |

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы:

Үлгіге қарап, пішіндерден заттарды құрастыра білуге үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тәрбиешінің айтқанын тыңдайдытапсырмасын орындайды.

Істей біледі: Үлгіге қарап құрастырады, бейнелейді.